

**«AULIATA-MEDIA» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің**  
**қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстарын жүргізу бойынша**  
**отырысының**  
**№1 ХАТТАМАСЫ**

Тараз қаласы

08 ақпан 2024 ж.

**Төрағалық етуші:** Серіктестіктің бас директоры Асқарұлы Д.

**Хатшы:** хатшы-референт Әбдіразақ Н.К.

**Қатысқандар:** Серіктестіктің қызметкерлері

**Өткізілген күні:** 08 ақпан 2024 ж.

**Күн тәртібінде:**

1. «AULIATA-MEDIA» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша тоқсан сайынғы түсіндірме және оқыту іс-шараларын өткізу.

1. Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша Серіктестіктің бас директоры Асқарұлы Д. сөйледі:

- Сыбайлас жемқорлықпен күрес ол қоғам талабы. Мекеміздің кез келген қызметкері Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет. Ол дегеніміз, пара беруге тыйым салу, яғни. кез келген адамды өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауға итермелеу мақсатында қандай да бір қаржылық немесе өзге де артықшылықтарды беру немесе беруге уәде беру, сондай-ақ тағы басқа да заң бұзушылықтар жол бермеуіміз біздің басты мақсатымыз. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ЖШС-нің барлық қызметкерлеріне тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдылығы арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, пара ұсынуға, беруге, уәде беруге, сұрауға және алуға немесе оңайлату мақсатында төлемдер жасауға қатаң тыйым салынады.

Күн тәртібіндегі жиналыстың ШЕШІМІ:

1. «AULIATA-MEDIA» ЖШС-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша тоқсан сайынғы түсіндірме және оқыту іс-шараларын өткізу бекітілсін. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының талаптарын мұқият орындау.

**Төрағалық етуші**

**Хатшы**



**Д.Асқарұлы**

**Н.Әбдіразақ**